

КЕЛІСІМ ШАРТ № 44
Кәсіптік практиканы өткізуге

Шымкент қаласы

2021 жылғы «6» 04

Жарғы негізінде әрекет етуші Қожамжарова Дария Пернешовна ректор атынан, бұдан әрі «білім беру ұйымы» деп аталатын М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамы бір жағынан, екінші жағынан бұдан әрі «кәсіпорын» деп аталатын «АТРС - түркі тілдесіміз» ЖШС «АТРС Шымкент бөлімшесі» (кәсіпорын, мекеменің атауы) негізінде әрекет ететін Арысбаев А (құрылтайшы құжаттардың реквизиттері) (басшысының Т.А.Ә.) екінші жақтан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес төмендегілер туралы осы шартты жасады:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- Білім беру ұйымы БВНЗІЭ - Кәсіптік Логистика (мамандықтың шифры және атауы) мамандығының (біліктіліктің) өзінше көрсету саласындағы бақалау (білім беру бағдарламаның атауы) білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының оқытуын жүзеге асырайды.
- Кәсіпорын білім алушыларды білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес кәсіптік практиканың базасымен қамтамасыз етеді.
- Білім алушылар өндірістік функциялар мен міндеттерді білікті орындауға мүмкіндік беретін негізгі және кәсіби құзыреттерді алу мақсатында білім беру бағдарламасын игереді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- Білім беру ұйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:
 - күнделігі (қашықтан оқу) оқу нысаны бойынша БВНЗІЭ - Кәсіптік Логистика (мамандықтың шифры және атауы) мамандық бойынша оқитын білім алушылардың академиялық күнтізбеге сәйкес өндірістік және дизайн практиканы өту мақсатында кәсіпорынға жіберу; (практика түрі)
 - кәсіптік практиканың бағдарламасын және өтудің күнтізбелік кестесін кәсіпорынмен бірге әзірлеу және келісу;
 - кәсіпорынға кәсіптік практиканың басталуынан екі апта бұрын білім алушылардың санын көрсетіп, кәсіптік практиканың бағдарламасын, практикадан өтудің күнтізбелік кестесін ұсыну;
 - білім беру ұйымның тиісті мамандықтары бойынша оқытушылар арасынан практика жетекшілерін білім беру ұйымның басшысының бұйрығымен бекіту;
 - кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушылармен сақталуын қамтамасыз ету, пандемия кезінде санитарлық-эпидемиологиялық режимнің талаптарын сақтауын;
 - білім беру бағдарламасы мен академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының кәсіптік практикасына мерзімді бақылау етіп, оның дәстүрлі және қашықтықтан өтуін ұйымдастыру;
 - кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету;
 - қажеттілік туындаған кезде кәсіпорынға білім алушылардың оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;
 - жазатайым оқиғаларды, егер олар практиканы өту барысында білім алушының қатысуымен болған оқиғаларды тергеуге қатысу;
 - білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда кәсіпорынды хабардар ету және басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыны ауыстыру бойынша шаралар қабылдау;
 - тұрғылықты мекен-жайынан практика базасының алыс орналасуы кезінде білім алушыға қажетті тұрмыстық және басқа жағдайлар жасау мүмкіндігін қарастыру.
- Білім беру ұйымы:
 - білім алушылардың өз еркімен оқытуды тоқтату, оқытудың қайта оқу курсына қалдырылған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен беліленген тәртіпте оқудан шығарылғаны кезде бір жақты тәртіппен шартты бұзуға құқылы.
- Кәсіпорын өзіне мынадай міндеттемелер алады:
 - білім алушыларға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушылардың еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу;

- 2) тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде иеленген мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін білім беру гранты негізінде оқыған түлектің кандидатурасын қарастыру;
- 3) білім беру ұйымына академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;
- 4) осы шарттың ережелеріне сәйкес тиісті мамандықтардың кәсіптік практикаға жіберу бойынша білім алушыларды қабылдау;
- 5) практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыларды пайдалануға жол бермеу;
- 6) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және сол сияқты) білім алушылардың кәсіптік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуін қамтамасыз ету;
- 7) білім алушылардың еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар ету;
- 8) білім алушылардың кәсіптік практиканың бағдарламасын толық игеру және оның жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарда қажетті жағдай жасау;
- 9) кәсіптік практика аяқталған соң білім алушылардың жұмысы туралы мінездеме беру және практикадан өту сапасын бағалау.

7. Кәсіпорын:

- 1) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес кәсіптік практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;
- 2) кәсіпорынның қажеттеліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсыну;
- 3) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысу;
- 4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыру;
- 5) білім беру ұйымынан жұмыс берушілердің болжалдарына сәйкес білім алушылардың сапалы оқытуын талап ету құқылы.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

10. Тараптар осы Шартта қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауаптылыққа жүктеледі.

4. ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТӘРТІБІ

11. Осы шартты орындау процесінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешім қабылдау мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.
12. Келіссөз, өзара тиімді шешім жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

5. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

13. Осы шарт оған тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 2015 жылға дейін әрекет етеді.
14. Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзгертілуі мүмкін.
15. Осы шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен үш данада жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.
16. Тараптардың заңды мекен-жайлары

Білім беру ұйымы:

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
 160012, Шымкент қ., Тауке хан даңғ., 5
 Тел: 8(7252) 214363, 300140
 Факс: 8(7252)210141
 Ректор Д.Н. Кожамжарова
 М.О. А. Калдыбаев
 МКЖҚО орталығының директоры
 А. Калдыбаев
 Каф. Меңгерушісі [қолы]



Кәсіпорын:

«МТМ - Тек Тек Тек» ЖШС
 (Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның және тағы басқа атауы)
«МТМ Шеккенет» Бөлімшесі
Шеккенет қ. Васодаректо 19
 (заңды мекен-жайы)
 т: 87252 953350
 (қала кодын көрсетіп байланыс телефон, факс нөмірі)

Директор



М.О.